



**Вакцина  
коронавирус қауіпін  
сейілте бастады**

4-бет



**Пандж  
өзеніндегі  
ерлік**

9-бет



**Жалғыздық  
аралы**

10-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№182 (30161) 27 ҚЫРКҮЙЕК, ДҮЙСЕНБІ 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиынама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Су дипломатиясының өзектілігі артып келеді

Қазақстан Президенті БҰҰ-ның Азық-түлік жүйелері жөніндегі саммитінде сөз сөйледі

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бүгінгі таңда азық-түлік нарығының орнықты дамуы үшін жағдай жасау маңызды міндеттердің бірі екенін атап өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

– Әлем климаттың өзгеруі, COVID-19 пандемиясы, саяси әрі экономикалық тұрақсыздық сияқты жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Осындай кезде азық-түлік нарығының орнықты дамуы үшін жағдай жасау маңызды міндеттердің бірі болады. Азық-түлік жүйелері табиғи қажеттілік, қоршаған орта, экономика мен мәдениет сияқты адамзат болмысының барлық қырын қамтиды. Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасының бағалауы бойынша коронавирус пандемиясы мен климаттың өзгеруі нәтижесінде осы жылдың соңында әлемде 270 миллионнан астам адам азық-түліктің жетіспеушілігін сезінеді. Ал 2030 жылға қарай әлемдік су тапшылығы 40 пайызға жетуі мүмкін. Әлем бойынша азық-түлікті жеткізудің белсенді қатысушысы саналатын Қазақстан аграрлық секторды экологияландыруды және орнықты дамытуды қолдайды. Еліміз бидай мен ұн өндіруші ірі елдердің ондығына кіреді

және жылына 7 миллион тоннаға дейін бидай экспорттайды. Біз негізгі тежеуші факторларға қарамастан, майлы дақылдар экспортын 1 миллион тоннадан асырдық. Дегенмен азық-түлік жүйесі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан орнықты болуға тиіс, – деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы көптеген елде су дипломатиясына қатысты мәселелер өзекті екенін айтып, өз ұсынысын ортаға салды. – Қазақстанның егін шаруашылығы қауіп-қатері бар аймақта орналасқан және құрғақ климаттың әсерімен бетпе-бет келуде. Еліміздің су шаруашылығы көрші елдерден ағып келетін суға 40 пайыз тәуелді. Жер-су ресурстарын барынша тиімді пайдалану мақсатында жердің құнарын арттыру, су үнемдеу технологияларын енгізу және су өткізу жүйелерін цифрландыру жөнінде шаралар қабылдадық. Орнықты азық-түлік жүйелері



туралы айтқан кезде көптеген елде су дипломатиясына қатысты мәселелер өзекті екені анық байқалады. Азық-түлік жүйелері жөніндегі проблемалар мен су ресурстарын басқару, шекарааралық өзендерді пайдалану мәселелері өзара тығыз байланысты. Мұның барлығы азық-түлік жүйелері туралы келісімдерде көрініс табуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосып отырғандығын айтты. – Қазақстан Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымын құруға бастамашы болды. Қазіргі таңда оның құрамында халқының жалпы саны 1,4 миллиардқа жуық 36 ел бар. Осы ұйым аясында Қазақстан жыл

сайын мұқтаж елдерге, оның ішінде Ауған халқына бидай мен ұн жеткізу сияқты қайтарымсыз гуманитарлық көмек көрсетіп келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан Президенті сөзінің соңында мемлекеттер алдында тұрған ортақ міндеттерді атап өтті. – Алдымызда атқаратын ауқымды жұмыстар тұр. Мемлекеттер арасындағы агротехникалық, ғылыми және инновациялық байланыстарды нығайту қажет. Сонымен қатар қаржы, инвестиция, көлік және логистика салаларын да ілгерілетуіміз керек. БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны қолдау мақсатында тұрақты экожүйе қалыптастыру үшін барынша белсенді жұмыс істеуі қажет. Саммит аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны жақсарту, тұрақты ауыл шаруашылығының дамуына ықпал ету сияқты Орнықты дамудың екінші негізгі мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

## Ұлттық жобалар мақұлданды



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Күн тәртібінде төрт мәселе қарастырылды. Олар – ұлттық жобалар, тиімді тауар өткізу жүйесін қалыптастыру, экспортты ілгерілету жөніндегі жүйелі шаралар және аумақтық даму жоспарының жобасы.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбаев Ұлттық жобалар бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Ұлттық жобалар жөніндегі

баяндаманы мұқият тыңдаған Мемлекет басшысы кеңестің өткен отырысында Ұлттық жобалардың тізімі мақұлданып және оларды қаржы жағынан қамтамасыз ету, қорытынды нәтижелерінің шынайылығы, тиімсіздікке жол бермеу тұрғысынан пысықтауға тапсырма берілгенін еске салды. – Бұл бағытта жұмыс жүргізілгенін көріп отырмыз. Қаржыландыру мәселесіне қатысты сұрақ бар. Презентацияға

сәйкес жекелеген іс-шараларды жүзеге асыру шығынының бір бөлігін көтеру, яғни 3,3 триллион тенге қаржы бөлу жергілікті бюджетке жүктеліпті. Бұл аз қаражат емес. Жергілікті бюджет бұған дайын ба? Ұлттық жобаларды жүзеге асыруға қатысты бюджетаралық қатынастардың нақты механизмдерін анықтап алу керек. Жергілікті жерлерде Ұлттық жобаларға бөлінетін қаржыны бақылау қажет. Үкімет аталған

мәселені мұқият пысықтауы керек, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев жеке инвестицияларға қатысты мәселені де қозғады. Оның айтуынша, Ұлттық жобаларды қаржыландыруға қажетті 49 триллион теңгенің 33 триллионы немесе жалпы соманың 67 пайызы бюджеттен тыс қаражатқа тиесілі.

(Соңы 2-бетте)

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградау туралы

##### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін наградалталсын:

	<b>II дәрежелі «Айбын» орденімен</b>
Байғазиев Нұрбол Назарбайұлы (марқұм)	– Ішкі істер министрлігінің Алматы қаласы полиция департаментінің Алатау ауданы полиция басқармасының жанындағы полиция бөлімінің учаскелік инспекторы
Сүлеев Дархан Дауылбайұлы (марқұм)	– Ішкі істер министрлігінің Алматы қаласы полиция департаментінің Алатау ауданы полиция басқармасының жанындағы полиция бөлімінің учаскелік инспекторы;
	<b>«Ерлігі үшін» медалімен</b>
Әбенев Мұрат Бақбергенұлы (марқұм)	– Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының мүшесі, Алматы қаласы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті  
К.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 25 қыркүйек  
№ 663

### КӨКЕЙКЕСТІ

## Мұрағаттардың халі мүшкіл

«Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі десем артық емес». Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі. Осы бір орамды ой бүгінгі мақаламызға мәйек болып отыр. Ел Президенті әрбір Жолдауында ұлттың мәдени болмысы хақында толғамды пікір түзіп, әсіресе руханиятқа достық рәуіште ерекше назар аударып келеді.

#### Мұхтар КҮМІСБЕК, «Egemen Qazaqstan»

Әйтсе де, Отанымыздың отыз жылдық тарихында қордаланып қалған мәселелер жоқ емес. Соның бірі – том-том мұрағатымызды сақтайтын

мекемелердің мүшкіл халі. Біз, бүгін әңгімеміздің бастауын содан өрбіткелі отырмыз. Асырып айтып отырған ештеңеміз жоқ, сенбесеніз Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына барыңыз. Ашығын айтқанда, бүгінгі мақаламызға тұздық

болған сол мәдени мекеменің жанайқайы. «Айтпаса сөздің атасы өледі» дегендей, ұлт құндылықтарын құшағына басқан, жақұт жәдігерлердің жанашырына айналған елдегі жалғыз рухани орданың жайын айтып, мекеме қызметкерлері – бір, қаламгерлер – екі қылқылдауын қылқылдап-ақ келеді. Әйтсе де Үкімет үнсіз. Ал Мәдениет министрлігі ләм демейді де... Осы тұста Мемлекет басшысының тағы бір пайымды пікірі ойға оралады.

(Соңы 8-бетте)



Суретті түсіретіндер: А. ДУСЕНБЕКОВ, Г. ОМІРКЕВ

## Ынтымақтастық нығайып келеді

Мемлекет басшысы Тәжікстан Оли Маджлиси Милли Маджлисінің Төрағасы Рустами Эмомалиді қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президенті қазіргі сын-көзқарарлар жағдайында жоғары дәрежеде орнықтылық көрсетіп отырған қазақ-тәжік ынтымақтастығының оң қарқынын атап өтті. Бұған Мемлекеттер басшылары деңгейіндегі белсенді саяси диалог және Үкіметтердің үйлестімді жұмыстары септігін тигізуде.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Тәжікстанға ресми сапарының қорытындылары бойынша қол жеткізілген уағдаластықтар екіжақты

байланыстарды кешенді түрде нығайтудың басты бағдары болатынын айтты.

Президент Мемлекеттер басшыларының тапсырмаларын іске асыруда екі ел Үкіметтерінің белсенді жұмыс істеп жатқанын және қазірдің өзінде нақты нәтижелердің бар екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Эмомали Рахмонға жүрекжарды сәлемін және ҰҚШҰ мен ШЫҰ-ның жуырда Душанбеде өткен саммиттерін сапалы ұйымдастырғаны үшін шынайы алғысын жолдады.

## Елордада Рудакиге ескерткіш ашылды

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев пен Қазақстанға ресми сапармен келген Тәжікстан Оли Маджлиси Милли Маджлисінің Төрағасы Рустами Эмомали ақын, тәжік және парсы классикалық әдебиетінің негізін қалаушы Әбу Абдалла Рудакидің ескерткішін ашу рәсіміне қатысты, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

Ескерткіштің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Мәулен Әшімбаев бұл шара Қазақстан астанасының мәдени өміріндегі маңызды оқиға болып табылатынын және Қазақстан-тәжік ынтымақтастығының даму тарихына енетінін атап өтті.

«Қазақстанда ұлы ақын Әбу Абдалла Рудакидің шығармашылық мұрасын жоғары бағалайды. Оның поэзиясы әлемдік мәдениеттің қазынасына енді. Омар Хайям, Низами, Фирдоуси, Джәми және Руми сияқты Шығыстың көрнекті ақындары мен жазушылары Рудакидің шығармашылығынан өсіп шықты. Бүгін біз оның аты берілген көшеде тәжік және

парсы классикалық әдебиетінің негізін қалаушы Әбу Абдалла Рудакиге ескерткіш ашамыз. Душанбеде қазақтың ұлы ойшылы Абай атындағы көше бар екенін білеміз. Екіжақты қарым-қатынастарда мәдени-рухани байланыстар әрдайым берік көпір және іргетас болып қала береді. Көрнекті тұлғаларымызды есте сақтап, құрметтеу бізді қуантады», – деді Сенат Төрағасы.

Осы күні екі ел Парламенттері палаталарының Төрағалары Тәжікстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жаңа елшілігінің құрылысы орнына алғашқы тас қалаудың салтанатты рәсіміне қатысты.



## Терроризмге қатысты заң жобасы қаралады

Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен Мәжіліс Бюросының отырысы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды, деп хабарлады төменгі Палатаның баспасөз қызметі.

Мәжіліс депутаттары әзірлеген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты заң жобасын қарайды.

Құжат кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін жақсарту, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының халықаралық стандарттарын іске

асыру мақсатында дайындалған.

Сонымен қатар Палатаның алдағы жалпы отырысында бірқатар ратификациялық заң жобасы талқыланды. Олар – Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізінің жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау және осы конвенцияға Биологиялық әрауандылықты сақтау туралы хаттамаларына қатысты заң жобалары.

## БҰҰ басшылығымен кездесулер

БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-сессиясына қатысу аясында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен кездесті. Ол Ауғанстанға жәрдемдесу жөніндегі БҰҰ миссиясының қашықтағы кеңсесін Алматыда орналастыру туралы шешім қабылдағаны үшін Қазақстан Президентіне алғысын білдірді. Бас хатшы біздің еліміз тұрақтылықтың символы және көпекторлықты ұстанудың үлгісі болып табылатынын ерекше атап өтті.

«Қазақстанның бұл шешімін біз тек көмек ретінде ғана бағаламаймыз. Сіз БҰҰ мен Қазақстан арасындағы тамаша қарым-қатынастарды одан әрі дамытуға ықпал ететін дипломатиялық бауырластықтың шынайы рухын көрсеттіңіз», деді А.Гутерриш.

Өз кезегінде министр Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ-ның Биологиялық

қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттігін құру жөніндегі бастамасының іске асырылу барысы туралы егжей-тегжейлі хабардар етті.

Сол күні министр БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – Контртеррористік басқарма басшысы Владимир Воронковпен келіссөздер жүргізді. Қазақстандық тарап Ауғанстандағы террористік

қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша Орталық Азия өңірі елдерінің әлеуетін нығайту үшін оларға техникалық жәрдемдесу бағдарламалары туралы хабардар етті.

БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер және әлем құрылысы жөніндегі орынбасары Розмари Дикарломен кездесуде жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мен бірлескен күш-жігер талқыланды.

М.Тілеуберді БҰҰ Бас хатшысының қарусыздану мәселелері жөніндегі орынбасары Изуми Накамицу және Жаһандық коммуникациялар жөніндегі орынбасары Меллисса Флемингпен бірге БҰҰ штаб-пәтерінде Семей ядролық сынақ полигонының

тарихи жабылуы туралы тұрақты экспозицияның ашылуына қатысып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың полигонды жабу туралы 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығының көшірмесін сыйға тартты.

Сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саяси ведомствосының басшысы Филиппин Сыртқы істер министрі Теодоро Локсин және Кири Сыртқы істер министрі Никос Кристолидиспен кездесіп, бейнеконференцбайланыс режимінде АҚШ-тың USAID Халықаралық даму агенттігінің әкімшісі Саманта Пауэрмен келіссөздер жүргізді.

«Егемен-ақпарат»

# Ұлттық жобалар мақұлданды

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұл қаржылар егжей-тегжейлі пысықталып, нақты жобаларға бағытталған және қаржыландыру көздері анықталған деп ойлаймын. Жеке инвесторлармен арадағы шала жүргізілген жұмыстардың кесірінен Ұлттық жобалардың жүзеге асырылмай қалуына жол бермеу қажет. Жеке инвестицияларды тиімді тарту мәселесі бюджет қаржысын ақылға қонымды пайдалану сияқты маңызды екенін естеріңізге саламын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі талқылаулармен Президент Әкімшілігінің ескертпелерін ескере отырып, жалпы ұсынылған Ұлттық жобаларды мақұлдауды ұсынды. Үкіметке бекіту туралы тиісті қаулыны екі апта ішінде қабылдауға тапсырма берілді.

– Үкімет пен Агенттік сараптама қоғамдастығы мен халық арасында тиімді түсіндіру жұмыстарын жүргізгені жөн. Айттылуы мүмкін сындарға нақты әрі жедел жауап беру қажет. Үндемей қалуға болмайды. Конструктивті диалог жүргізу керек. Ұлттық жобалар бекітілгеннен кейін бірден жүзеге асыруға кірісіңіздер. Үкіметтің жобалық офисінің мүмкіндіктерін пайдалану маңызды. Ол шұғыл мониторинг жасауды және әрбір ұлттық жобаның жүзеге асырылғаны жөнінде берілетін есепті қамтамасыз етуге тиіс. Ұлттық жобалардың жүзеге асырылуына қарай олардың орындалу барысын қарастырып, қажетті шешімдер қабылдаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кенесте тиімді тауар өткізу жүйесіне қатысты мәселе де қарастырылды. Бұл бағыт бойынша Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов баяндама жасады.

Мемлекет басшысы биылғы жыл өндіріс, өнімдерді сақтау және өткізу саласында қордаланған проблемалар бар екенін көрсетіп айтты. Инфляция, әсіресе, азық-түлік бағасының құбылуы

бекітілген межеден әлдеқашан шығып кеткен.

– Шұғыл шаралар, бағаға қойылған бақылау нарықтық экономиканың іргелі қағидаттарын алмастыра алмайтыны белгілі. Жүйелі шаралар керек. Сондықтан ұлттық тауар өткізу жүйесін қалыптастыру аталған жұмыстың маңызды құраушы бөлігі болып табылады. Көтерме-тарату орталықтары және олардың стандарттау, тауардың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстары өндірушілердің, соның ішінде шағын бизнес өкілдері кооперациясының маңызды элементтерінің бірі болуға тиіс. Бұл ауылда тұрып, жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын адамдар үшін аса маңызды. Бүгінде мұндай кәсіп иелерін экономикалық айналымға тарту жұмыстары мардымсыз жүргізілуде. Сонымен қатар олар өз өнімдерін егін басынан сатуға мәжбүр болып отыр. Көтерме-тарату орталықтарының тағы бір міндеті – «егіс басынан сөреге» дейінгі жолдағы қажетсіз делдалдарды жою. Халық үшін азық-түліктің қолжетімді бағада болуын іс жүзінде ретке келтіру қажет, – деді Президент.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе – экспортты ілгерілету жөніндегі жүйелі шаралар туралы Бақыт Сұлтанов баяндама жасады.

Баяндаманы тыңдаған Қасым-Жомарт Тоқаев шикізат экспортын ұлғайту Үкіметтің күн тәртібіндегі өте маңызды мәселе екенін атап өтті. Оның пікірінше, экспортқа қатысты кедергілерді жою, экспорттың географиясы мен номенклатурасын кеңейту, ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау үшін бүкіл Үкіметтің күш-жігерін жұмылдыру керек. Сонымен қатар Сыртқы істер министрілігі мен оның шетелдегі мекемелері экспортты ілгерілету, нарықтарға жол ашу және кедергілерді жою жөніндегі жұмыстарға белсенді аталысуы қажет.

– Қазақстаннан Қытайға жүк әкелуге қойылған шектеулерге қатысты

қордаланған мәселе ұзақ уақыттан бері шешілмей келеді. Транзиттік жүктер өтеді, ал біздің жүктеріміз шекарада қалып қояды. Қазақстандық тауарлар тиелген мыңдаған вагон бекеттерде тұр. Бизнес тікелей Президентке көмек сұрайды. Мұндай жағдайларда Үкімет жедел әрекет етіп, серіктестермен арадағы барлық мәселені реттеуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Аумақтық даму жоспарының жобасы туралы Әсет Ерғалиев есеп берді.

Ұлттық экономика министрінің баяндамасын тыңдаған Қасым-Жомарт Тоқаев пысықталуы керек мәселелерді көрсетіп берді. Оның айтуынша, Жоспарда бүкіл еліміздегі тиімді аумақтық ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері ғана емес, әрбір өңірді дамытудың негізгі өлшемдері қамтылуға тиіс.

– Біздің географиялық, демографиялық, экономикалық ерекшеліктерімізді ескере отырып, Аумақтық даму жоспары мемлекеттік жоспарлаудың маңызды құжаты болып табылады. Жергілікті жерлерде осы жұмысты дұрыс, жүйелі және жоспарлы ұйымдастыру қоғамның билікке, билік тарапынан қабылданатын шаралар мен реформаларға деген сенімінің өзегіне айналады. Сондықтан Жоспар мемлекеттік органның басқа мемлекеттік органдарға жазған жай құжаты ғана болмауы керек. Жоспар еліміздің әрбір азаматы үшін түсінікті болып, дұрыс қабылдануы қажет. Сондай-ақ аталған құжат бизнес пен инвесторлардың бағдарына айналуы керек. Олар біздің аймақтарды қалай дамытып жатқанымызды, қандай салаларға басымдық берілетінін анық түсінуі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ жиында «Атамекен» ҰҚП төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев пен Президенттің экономикалық даму жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Реформалар жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Сэр Сума Чакрабартти сөз сөйледі.

## Парламентаралық диалогты жандандыру ұйғарылды

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин Қазақстанға ресми сапармен келген Тәжікстан Оли Маджлиси Милли Маджлисінің Төрағасы Рустам Эмомалимен кездесті, деп хабарлады төменгі Палатаның баспасөз қызметі.

Кездесуде екі ел парламенттері өкілдерінің өзара іс-қимылының перспективалық бағыттары талқыланды.

Тәжікстан еліміздің Орталық Азиядағы маңызды серіктесі әрі сенімді одақтасы екенін айтқан Мәжіліс Төрағасы Қазақстан басшылығының екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті. Сонымен қатар Нұрлан Нығматулин қос елдің стратегиялық серіктестік деңгейі Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон орнатқан ынтымақтастықтың қол жеткізген нәтижесі екеніне назар аударды. Мәжіліс Спикерінің айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жылдағы Душанбеге ресми сапары өзара іс-қимылдың дамуына серпін берді.

Өз кезегінде, Тәжікстан Оли Маджлиси Милли Маджлисінің Төрағасы Рустам



Суретті түсіретіндер: Ж. ЖУМАБЕКОВ

Эмомали екіжақты ынтымақтастық деңгейіне жоғары баға берді:

– Біз бауырлас Қазақстанмен қарым-қатынастың бүгінгі деңгейін жоғары бағалаймыз. Достас екі мемлекет басшыларының сенімді диалогы біздің елдеріміздің өзара табысты іс-қимылының қарқынды дамуына және құқықтық базаны жетілдіруге ықпал етеді, – деді Рустам Эмомали.

Тараптар Қазақстан-Тәжікстан қарым-қатынастарының маңызды құрамдас бөлігі ретінде парламентаралық диалогты жандандыруды қолдады.

Сонымен қатар Нұрлан Нығматулин бүгінде мемлекеттер алдында тұрған барлық мәселелерді шешу

үшін күш-жігерді жұмылдырудың маңыздылығын атап өтті.

Мәжіліс Спикері Палата депутаттарының заң шығару қызметі туралы айтты. Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларды заңнамалық қолдау жөніндегі жұмыстарға тоқталды.

Кездесу барысында Ауған мәселелері тұрғысынан өңірлік және халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше мән берілді. Сонымен қатар Ауғанстандағы берік бейбітшілікті қалпына келтірудің және гуманитарлық дағдарысқа жол бермеудің маңыздылығы туралы айтылды.